

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.ІІ, Ч.І. – Б.48-51

МАҚСАРЫ (САФЛОР) ДЕГЕН НЕ?

Ібіракімова А., 4 курс студенті

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалы университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Біздің, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Республикамыздың әр аймағының жастары білім алады. Мен өзім Қызылорда облысының тумасымын. 3 курс соңында өндірістік практиканы елде өтіп, практика бойынша есепке мәлімет жинағанда біздің шаруашылықта, әдеттегі күрішпен қатар, мақсары деген дақыл өсірілетінін байқадым.

4 курста «Машина пайдалану» пәні бойынша практиканың есебінің мәліметтерін пайдаланып курстық жоба орындау керек болды. Сонымен қатар мен осы шаруашылықтың мәліметтерімен дипломдық жоба орындауға жазылып қойғанмен. Осы жобаларды орындау барсында мақсары бойынша технологиялық карта есептеу қиынға түсті, себебі не кафедрада, не университеттің кітапханасында мақсарыны өндіру бойынша мәліметтерді таба алмадым. Бір қызығы, студенттер және оқытушылар арасында, мақсары деген атаумен ауылшаруашылығы дақылы бар екенін көпшілігі естімеген, себебі бұл дақыл Солтүстік Қазақстанда өндірілмейді екен. Енді дипломдық жобаны қайтсемде орындау қажет болғандықтан ғаламторға кіріп мақсары жөнінде біраз мәліметтер алдым [1].

Ғаламтордан алған осы мәліметтермен оқырмандармен бөлісуді жөн көрдім, себебі бұл дақылды Қазақстанның барлық аймағында өсіруге болатынын байқадым және бұл дақыл бойынша болашақ мамандар өздерінің кәсіптерін ұйымдастыруға болады деген ой келді,

Бұл дақылдың ерекшеліктері қысқаша келесідей. Дақыл ауаның температурасының өзгермешілігіне, құрғақшылыққа шыдамды, тұқымды себу тереңдігі 6-7см, тамыры өте тереңге кетеді, бұл қасиеті ылғалы шамалы Солтүстік Қазақстан аймағында қолайлы.

Бұл дақылдан тағамдық адамның денсаулығына пайдалы, косметикада қолданылатын май, өндірісте - олифа, эмаль, сабын және линолеум жасауға және құстарға, малдар азығы ретінде: жмых, шрот жасалады [2].

Дақылды өндіру технологиясының, дәнді дақылдарды өндіру технологиясынан және қолданылатын машиналар бойынша еш айырмашылығы жоқ.

Дақыл соңғы жылдары Қазақстанның барлық аймақтарында, Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Түркістан, Алматы облыстарында (Ақмола және Қызылорда облыстарынан басқа) өсіріледі екен (кесте) [3]. Мысалы, мақсары өндіруден Қазақстан 2000 жылдан бастап әлемдік көшбасшылар тізіміне бесінші болып енсе, 2010 жылы Индиядан кейін екінші орын алған

екен.

Осы келтірілген қысқаша мәліметтерге қарағанда мақсары дақылының келешекте Республикада егіншілік саласында алатын орны әлі де болса ұлғаюы мүмкін.

Кесте. 2020 ж. Қазақстанда сафлор жиналған аудан, га. (Ұлттық статистика Бюросы мәліметтері)

| Жалпы және бойынша Республика және облыстар | Шаруашылықтардың барлық категориялары | Соның ішінде | |
|---|---------------------------------------|-------------------------------|--|
| | | ауылшаруашылығы кәсіпорындары | жеке кәсіпкерлер және шаруа немесе фермерлік шаруашылықтар |
| Қазақстан Республикасы | 315177,0 | 103726,6 | 211450,2 |
| Ақмола облысы | х | х | х |
| Ақтөбе облысы | 30107,0 | 15185,0 | 14922,0 |
| Алматы облысы | 35776,7 | 7885,5 | 27891,2 |
| Батыс-Қазақстан облысы | 64535,7 | 15579,7 | 48956,0 |
| Жамбыл облысы | 53108,5 | 1450,0 | 51658,5 |
| Қарағанды облысы | 903,6 | 603,6 | 300,0 |
| Қостанай облысы | 37109,0 | 23472,0 | 13637,0 |
| Қызылорда облысы | 5399,0 | 2028,0 | 3371,0 |
| Павлодар облысы | 1107,0 | 250,0 | 857,0 |
| Түркістан облысы | 80731,5 | 34367,0 | 46364,5 |
| Шығыс-Қазақстан облысы | Х | Х | 2198,0 |
| Шымкент қаласы | 3308,0 | 2013,0 | 1295,0 |

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://moiselo.ru/saflor-texnologiya-vyrashhivaniya.html>;
2. Ирина Гавриленко. Сафлор – культура стабильной выгоды. Журнал «Агробизнес. Казахстан», август 2019;
3. Ирина Гавриленко. Сафлор: от интереса к стабильному производству ...<https://agbz.kz/saflor-ot-interesa-k-stabilnomu-proizv..>